ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 4(8) қазан-желтоқсан 2016*
**ISSN 2710-3994**

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

# электрондық ғылыми журнал

2016, № 4(8)

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

# электронный научный журнал

2016, № 4(8)

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

# electronic scientific journal

2016, № 4(8)

**Құрылтайшы:**
Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

**Бас редактор**
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

**Редакциялық алқа:**
Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

**Жауапты редактор:**
З. Төленова

**Редактор:**
Р. Көбеев

**Редакцияның мекен-жайы:**
050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: https://edu.e-history.kz/

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Учредитель и издатель:**
РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

**Главный редактор**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**
Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусеитова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

**Ответственный редактор:**
З. Толенова

**Редактор:**
Р. Кубеев

**Адрес редакции:**
050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»
Редакция электронного научного журнала
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz/

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетелйство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

**Founder and publisher:**
RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

**Editor-in-chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Editorial board:**
R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

**Executive editor:**
Z. Tolenova

**Editor:**
R. Kobeev

**Editorial address:**
050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: https://edu.e-history.kz/

The scientificjournal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, r
egistration certificate:
No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ӘОЖ 94(574) «15/16»

# XV Ғ. СОҢЫ МЕН XVI Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Кәрібаев Б.Б.**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.
bereket.bk@mail.ru

**Аңдатпа.** Автор бұл мақаласында XV ғ.соңғы – XVI ғ. алғашқы жылдарындағы Қазақ хандығы тарихының кейбір өзекті мәселелерін қарастырады. XV ғ. соңғы шиерегінде Қазақ хандығының Сыр бойы үшін жүргізген күрестері жемісті болып, қазақ билеушілері Сыр өңірінің біршама бөлігіне биліктерін орнатады. Негізінен, Сыр бойындағы қалалар Жәнібек хан ұлдарына тиесілі болады. Осы тұстан бастап Жәнібек хан ұлдары мен Бұрындық хан арасындағы қатынастарғы жік түседі. Бұл қатынас XVI ғ. алғашқы жылдарында одан әрі жалғасын табады. 1505/6-1510 жылдары Мұхаммед Шайбани ханның жорықтары қазақ билеушілері арасындағы қатынасты шиеленістіреді. 1510 жылғы Қасым ханның Шайбани ханды жеңуі – Жәнібек хан әулетінің билігін біржолата Қазақ жерінде орнықтырады.
**Түйін сөздер**: Қазақ хандығы, Бұрындық хан, Қасым хан, Сыр бойы үшін күрестер, Мұхаммед Шайбани хан.

# ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВО В КОНЦЕ XV- НАЧАЛЕ XVI ВВ.

**Кәрібаев Б.Б.**

**Аннотация.** В данной статье автор рассматривает актуальные проблемы истории Казахского ханства в конце XV- начале XVI веках. В результате успешной борьбы в последней четверти XV века Казахского ханства за Присырдарьинский регион, казахские правители устанавливают свою власть. В частности, города, расположенные вдоль Сырдарьи, подчиняются сыновьям Жанибека. С этого времени, появляются разногласия между сыновьями Жанибека и Бурындык ханом. Эти отношения усугубляются в начале XVI века. Походы Мухаммеда Шайбани хана в 1505/6-1510 годах вносят разногласия между казахскими правителями. Победа Касым хана над Шайбани ханом, окончательно устанавливают власть потомков Жанибека на всей казахской земле.
**Ключевые слова:** Казахское ханство, Бурындык хан, Касым хан, борьба за Присырдарьинский регион, Мухаммед Шайбани хан

# THE PROBLEMS OF THE HISTORY OF KAZAKH KHANATE AT THE END OF XV- IN THE BEGINNING OF XVI CENTURIES

**Karibaev B.B.**

**Abstract**. In this article the author considers the essential problems of the history of Kazakh Khanate at the end of XV – in the beginning of XVI centuries. In the last quarter of the XV century as a result of the successful struggle of Kazakh Khanate for the Syrdarya region Kazakh rulers established their power. In particular the cities along the Syrdarya river is subordinated to the sons of Zhanibek khan. Since that time there are disagreements between the sons of Zhanibek khan and Buryndyk khan. These relations are aggravated at the beginning of the XVI century. Military campaigns of Mohammed Shaibani khan made disagreements between Kazakh rulers in the 1505/6-1510 years. Victory of Kasim khan over Shaibani khan finally set the power of the descendants of Zhanibek all over Kazakh land.
**Keywords:** Kazakh Khanate, Burundık Khan, Kasim Khan, The batlle for the near Syr Darya region, Mohammed Shaibani Khan,

(Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ Хабаршысы, тарих сериясы. №2(81) 2016. 94-99 бб.)

Қазақ хандығының тарихында әрбір кезеңнің алатын орны ерекше. Хандық дәуірдің әр кезеңіндегі аса маңызды оқиғалар мен үдерістер алдыменен, сол кезеңдегі тарихи дамуды анықтаса, екіншіден, келесі кезеңнің алғышарттары болып табылады. XY ғасыр ортасында қалыптасқан Қазақ хандығы сол ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап, жаңа кезеңге, өзінің күшею, нығаю кезеңіне көше бастайды. Күшею факторларына Сыр бойындағы қалалар мен өңірлердің қайтарылуы, қазақ сұлтандарының осы аймақтағы қалалар мен өңірлерде билігінің орнауы және тағы басқалары жатты. XY ғасырдың соңғы жылдары мен XVI ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ қоғамының билеуші топтары арасындағы қарым-қатынастар – Қазақ хандығының одан кейінгі тарихына көп ықпал етті. Оның ең бастысы, осы қарым-қатынастардың қорытындысы ретінде хандықтағы билік біржолата Жәнібек ханның ұлдарына ауысады. Біз төменде осы мәселені қарастырып, XV ғасырдың соңы мен XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығының билеуші әулеті ішіндегі күрделі саяси мәселелердің жауабын іздестіріп көреміз. Бұл өз кезегінде биліктің Керей хан әулетінен Жәнібек хан әулетіне ауысуының себебептерін түсінуге жол ашады.

Қазақ хандығының күшеюінің басы XV ғасырдың 70 –жылдарының ортасынан Сыр бойындағы жеңісті күрестерден басталады. Түркістан аймағы үшін күрестің алғашқы кезеңдерінде Керей хан ұлы Бұрындық хан мен Қасым сұлтан және Жәнібек ханның басқа да ұлдары дерек мәліметтерінде үнемі бірге айтылады немесе авторлар олардың бәрін жинақтап қазақтар деп жазады. Мұхаммед Хайдар мырза Дулати осы жылдардағы Бұрындық хан мен Қасым сұлтанның арасындағы қарым-қатынас туралы былай деп жазады: «Қасым хан Жәнібек ханның ұлы. Ол әкесі секілді, барлық жағдайда Бұрындық ханға бағынды және оны тыңдады» [1, 222 – б.]. Түркістан аймағы үшін күрес барысы жылдарында Жәнібек хан ұлдары біртіндеп жаңа жерлерге ие болып, саяси-экономикалық, әскери күштері өсе бастайды. Олардың күшейгендігінің дәлеліне, кейбір жағдайлардағы Жәнібек хан ұлдарының Мұхаммед Шайбани ханмен өз беттерінше, өз ұлыстары төңірегенде жеке ұрыстар жүргізуі жатады [2,105, 106-107 – бб. ].

XY ғасырдың 90-шы жылдарының соңына таман Қазақ хандығының билігі, оның ішінде Жәнібек хан ұлдарының билігі Түркістан аймағының басым бөлігіне орнығады. Сол жылдардағы оқиғалар барысы көрсеткендей, Бұрындық хан мен Жәнібек хан ұлдары арасындағы қарым-қатынастарға алғашқы жіктер түсе бастайды.

Дерек мәліметтерінде қазақ қоғамының билеуші топтары арасындағы алғашқы жік немесе сызат XY ғасырдың соңында Түркістан аймағы үшін жүргізілген күрестің соңғы кезеңінде

болады. Сауран қаласында қолға түскен Мұхаммед Шайбани ханның туған інісі Сұлтан Махмұд сұлтанды қала тұрғындары тұтқындап, Қасым сұлтанның қолына тапсырады [3, 30 – б.]. «Шайбани - нама» дерегінде «Қасым сұлтан мен Сұлтан Махмұд сұлтан арасында жақын туыстық қатынас болды, олардың аналары апа-сіңлілер. Бұрындық хан оны өлтіруге бұйырғанымен, Қасым сұлтан оны орындамады және оған үлкен құрмет көрсетті», - деп баяндалады[2. 117 – б.]. Тіпті Сұлтан Махмұд сұлтанның тұтқыннан оп-оңай қашып шығуы Қасым сұлтанның көмегі арқасында болса керек.

Жәнібек хан ұлдары ықпалының арта бастауы тікелей Бұрындық ханның көз алдында болып жатты. Жалпы, хандықтың күшеюі Бұрындық ханға атақ-даңқ әкелгенімен, туысқан әулет өкілдерінің күшеюі оған қауіпті бола бастайды. Сол себепті ол Шайбани ханды Жәнібек хан ұлдарына қарсы одан әрі өршіту, болып жатқан күреске басқаша сипат беруді ойластырады. Сөйтіп, бір-біріне қарсы екі күшті қанға-қан қағидасы сияқты қақтығыстарға апару арқылы Жәнібек хан ұлдарының қуатын әлсіретуден туындаған еді.

Қасым сұлтанның Шайбани хан інісін өлтірмей, керісінше оған зор құрмет көрсетуі, оның қашуына жәрдем беруі бірнеше жағдайдың бетін ашуға көмектеседі.

Біріншіден, хан бұйрығын орындамай, оған қарсы шешім қабылдап, оны жүзеге асыруы, сондай-ақ Мауереннахр мен Моғолстан билеушілеріне арқа сүйеп отырған Мұхаммед Шайбани ханмен қатынас жасауы мемлекетаралық қатынастар дәрежесіне жатады. Қасым сұлтанның бұл қатынас бойынша ресми хан шешімінен тыс, өз бетінше шешім қабылдауы - оның Қазақ хандығы мен Шайбани хан арасындағы қатынастарға өз бетімен, дербес араласа бастағанын көрсетеді.

Екіншіден, бұл әрекет Қасым сұлтанның және басқа Жәнібек хан ұлдарының күшейіп, қуатты саяси күшке айналғандығын көрсетеді. Үшіншіден, Бұрындық хан өзінің бұйрығының орындалмағанын көре тұра, ешқандай қарсы әрекет жасамайды, бұл оның жағдайының XY ғасырдың соңғы жылдарында қандай болғандығын көрсетеді.

Төртіншіден, Бұрындық хан Сыр бойы үшін күресте Жәнібек хан ұлдарының қуатының артып отырғанын көре, шибанилық сұлтанды Қасым хан қолымен өлтіру арқылы күрестің сипатын өзгертуді ойластырады. Қасым сұлтан мұны алдын-ала аңғарып, хан бұйрығын орындамайды. Сол арқылы ол жалғасып жатқан күрестің сипатын, яғни Сыр бойындағы жерлерді қайтару үшін күрестің сипатын сақтап қалады.

Тағы бірде Шайбани ханның інісі XY ғасырдағы оқиғалар барысында Моғолстан ханы Сұлтан Махмұт ханның қолына тұтқынға түскенде, Жәнібек хан ұлдары басқаша позиция ұстайды[2. 124 – б.]. Бұл кезде Жәнібек ханның ұлы Әдік сұлтан Моғолстанда болатын. Ол шибанилық сұлтанның тағдыры шешілетін хан кеңесіне қатысып, Шайбани ханның інісін өлтіруді қолдайды[3, 32 – б.]. Моғолстан ханы да Қасым сұлтан секілді Шибани ханның інісін өлтіру онымен қандай қатынастарға апарарын біліп, біраз уақыт тұтқында ұстап босатып жібереді. Әдік сұлтанның шибанилық сұлтанды өлтіруді талап етуін - Моғолстан билеушісі мен Шайбани хан арасындағы қарым-қатынасты ушықтыру және Шайбани ханның Түркістан аймағындағы күшін Моғолстанға қарсы аудару, сол арқылы негізгі қарсыластың күшін Сыр бойынан әкету үшін жасалған деп санаймыз.

Бұрындық ханның Жәнібек хан ұлдары ықпалының одан әрі күшейе түсуін қолдамайтындығын аймақ үшін жүргізілген күрестің төртінші кезеңіндегі әрекеттерден байқалады. Төртінші кезеңдегі оқиғалар негізінен аймақтың Шайбани хан бекінген орталық бөлігіндегі Яссы және Отырар қалалары түбінде өтеді. Қазақ хандығының Моғолстанмен Шайбани ханға қарсы одақ құруы оны Сыр бойынан біржола толық қууға қолайлы жағдайлар туғызған еді. Бірақта моғол ханы Шайбани ханның Түркістаннан толық қуылуына ынталы емес еді, тек ол Шайбани ханның одан әрі күшеюіне ғана қарсы болды. Моғолстанға күшейіп келе жатқан Қазақ хандығына Түркістан аймағында қарсы тұрар күш қажет болатын. Ол – Мұхаммед Шайбани хан еді. Оның тым күшеюі қауіптірек те болды. Сондықтан моғол ханы Шайбани хан әлсірегенде оған әскери көмек беріп, ал ол күшейе бастағанда оған қарсы шығып отырады.

Бұрындық хан да Шайбани ханға қарсы моғол ханының саясатын ұстанады. Жәнібек хан ұлдарының тым күшеюінен сескенген ол, Шайбани ханның Түркістанда қалуын қалап, онымен бейбіт келісім шарт жасау бастамасын өзі көтереді[3, 32 – б.]. Жасалған келісім шарт бойынша Жәнібек хан ұлдарына аймақтың солтүстік өңірлері, ал Мұхаммед Шайбани ханға орталық бөлігі қарады. Осылайша, Жәнібек хан ұлдарының Түркістан аймағын одан әрі иеленуіне қарсы Шайбани хан иелігі қарсы қойылады. Бұрындық ханның Жәнібек ұлдарына қарсы әрекеті мұнымен ғана шектелмейді. Ол Шайбани ханмен бейбіт келісім шарт жасасқаннан кейін, өзінің екі қызын шибанилық сұлтандарға ұзатады. «Шайбани нама» авторы Камал ад-дин Бинай ол жөнінде былай деп баяндайды: «Бірін – Сұлтан Махмұд сұлтан, екіншісін Шайбани ханның ұлы – Мұхаммед Темір сұлтан алды»[2, 121 – б.]. Осылайша, туыстық қатынастар орната отырып, Бұрындық хан өзіне болашақ одақтас табады.

Өз кезегінде Бұрындық ханмен одақтасу арқылы Шайбани хан Түркістан аймағына Қазақ хандығының одан әрі тереңдеп енуін тоқтатып, Мауереннахр ісіне араласып кетеді.

Жәнібек хан ұлдары да қарап қалмай, Бұрындық хан мен Шайбани ханның туыстық қатынастар арқылы жақындасуына қарсы шаралар қолданады. XY ғасырдың 90-шы жылдар ортасында жасалған келісім бойынша Сырдың оң жағалауындағы оңтүстік бөлік – Сайрам өңірі Моғолстанға тәуелді болып саналатын. Моғолстан билеушісі де Шайбани ханның Сыр бойында күшеюін қолдамайтындардың бірі еді. Бұрындық хан мен Шайбани ханның жақындасуы Жәнібек хан ұлдары мен моғол ханының өзара жақындасуын туғызады. Жақындасу туыстық қатынастардың орнатылуымен жүзеге асырылады. XY ғасыр соңы – XYI ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы ең беделді сұлтандардың бірі, Жәнібек ханның ұлы Әдік сұлтан моғол ханының қарындасына үйленеді[4, 353 – б.]. Ал ол туралы Бабыр нақтырақ жазады: «Жүніс ханның бір қызының есімі - Сұлтан Нигар ханым, ол Сұлтан Махмұт мырзаға атастырылған. Сұлтан Махмұт мырза өлгеннен кейін, Сұлтан Нигар ханым ешкімге айтпастан, ұлын алып Ташкенттегі бауырларына кетіп қалады. Бірнеше жыл өткеннен кейін, ол Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының ұрпағы, қазақ сұлтаны Әдік сұлтанға ұзатылады»[5,32 – б.]. «Бабыр – намада» Сұлтан Махмұт мырзаның 1494/1495 жылы қайтыс болғандығы дәл баяндалған[5,47 – б.]. Бабырдың «бірнеше жыл өткеннен кейін» деген сөзіне қарағанда Әдік сұлтан моғол ханының қарындасына 1497 -1498 жылдары үйленген деуге болады.

«Шайбани – нама» мен «Таурих-и гузида-ий нусрат нама» еңбектеріндегі мәліметтерде Бұрындық ханның шибанилық сұлтандарға қызын ұзатуы, яғни олармен жақындасуы Мауереннахр билеушілерінің 1494/1495 жылдары қайтыс болуынан бұрын айтылады[3, 32 – б.; 2, 121 – б.]. Олай болса, Жәнібек хан ұлдарының моғол ханымен жақындасуы, Бұрындық хан мен Шайбани хан арасындағы туысқандық қатынастар орнатылғаннан кейін болған, яғни Бұрындық ханның одағына Жәнібек хан ұлдары өзіндік одағын қарсы қояды. Махмұд бен Уәли Жәнібек хан ұлдары мен моғол ханының жақындасуы туралы «екі жақ одақ және достық жіптерін ұштастырды және нығайтты», - деп жазады[4. 353 – б.].

Осылайша, XY ғасырдың соңында Қазақ хандығының Сыр бойы үшін Мауереннахрмен күресі барысы қазақ қоғамының билеуші топтары арасында екі топты қалыптастырады. Бірінші топ – Керей хан ұрпақтарының тобы, оның жетекшісі - Бұрындық хан. Екінші топқа Жәнібек хан ұлдарының тобы жатады. Оның басында Қасым, Махмұт, Әдік, Иренші, Қамбар сұлтандар тұрды.

XYI ғасыр басындағы Қазақ хандығының ішкі саяси өмірінің одан әрі дамуына оның осы кездегі Мауереннахрмен, Моғолстанмен саяси қарым-қатынастары тікелей әсер етті. Мауереннахрдың саяси билігіне келген Мұхаммед Шайбани ханның моғол хандарымен Ташкент аймағы үшін XYI ғасыр басындағы күресі Қазақ хандығын, қазақ қоғамындағы билеуші топтарды бұл оқиғалардан тыс қалдыра алмады. Екі топтың ұзақ өмір сүруі мүмкін емес еді. Олардың біреуінің саяси өмірден кетуі заңды құбылыс болатын. Шиеленіскен саяси жағдайдың шешілуіне Мауереннахрмен саяси қарым-қатынастың XYI ғасыр басындағы барысы, яғни Мұхаммед

Шайбани ханның 1505/06-1510 жылдарындағы қатарынан Қазақ хандығына 4 рет жорық жасауы көп әсер етті. Біз басқа жұмыстарымызда бұл жөнінде қарастырғандықтан, бұл мәселеге тоқталмай, тек оның қорытындыларына ғана назар аударамыз.

XVI ғасырдың басында біз дерек мәліметтерінен Қасым сұлтанның Моғолстан ісіне араласа бастағанын көреміз. Қасым сұлтан XYI ғасыр басында Жәнібек хан ұлдары ішіндегі ең беделді тұлғаға айналады. XY ғасыр соңындағы Түркістан аймағы үшін жүргізілген күрестерде есімдері жиі кездесетін Иренші, Махмұт, Қамбар сұлтандар есімдері XYI ғасыр басындағы оқиғаларда кездеспейді. Жәнібек хан ұлдары ішіндегі беделі зор Әдік сұлтан 1504 жылы қайтыс болғаннан соң, оның жесірі – Сұлтан Нигар ханымды Қасым сұлтан әмеңгерлік жолымен алады[1, 222 – б.]. Осыдан кейін Қасым сұлтанның қазақ қоғамындағы рөлі бұрынғыдан да жоғары көтеріледі[1, 222 – б.]. Ол енді XYI ғасыр басында Қазақ хандығындағы билеуші күштердің бір тобының басында, яғни Жәнібек хан ұлдары тобының басында тұрады.

«Тарихи Рашиди» авторы XY ғасыр соңындағы оқиғалар кезін баяндағанда «Қасым сұлтан әкесі секілді Бұрындық ханға бағынды және оны тыңдады», - деп жазса, XYI ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы қалыптасқан ішкі саяси ахуалды былай деп баяндайды: «Қасым хан әлі де хан лауазымын қабылдамаса да, оның билігінің зор болғаны соншалық, ешкім Бұрындық хан туралы ойламады. Ол Бұрындық ханның жанында болғысы келмеді, егерде ханның қасында болып, оған құрмет көрсетпесе, онда ол ханға қарсы шығу болар еді. Ал Қасым ханның оған бағынуға жаны қаламады, сондықтан да ол ханнан алыстау болуға тырысты. Бұрындық хан Сарайшықта, Қасым хан одан алыстап Моғолстан шекарасына жақындау жердегі Қаратал қыстауын таңдап алды»[1, 222-223 – бб.]. Мұхаммед Хайдар мырза Дулатидың осы бір тарихи мәліметі XYI ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы ішкі саяси жағдайды түсінуге көп жәрдем береді. Біріншіден, ішкі саяси жағдайға байланысты Бұрындық хан мен Жәнібек хан ұлдары, оның ішінде Қасым сұлтан арасындағы қарым-қатынастың ең шырқау шегіне жеткені байқалады. Автордың Қасымды “хан” деген лауазыммен көрсетуіне қарағанда, «оның билігінің Бұрындыққа қарағанда зор болуы» хандықта екінші бір хан билігінің пайда болғандығын көрсетеді. Екіншіден, дерек мәліметі Қазақ хандығының, оның ішінде Жәнібек хан ұлдары билігінің Жетісу жеріне ене бастауынан хабардар етеді[1, 223 – б.]. Т.И. Сұлтанов дерек мәліметіндегі Қара-Талды Жетісуда болған деп түсіндіреді[7, 273 – б.]. Қасым сұлтанның Моғолстан шекарасына жақындауы, бізше 1503 жылғы оқиғадан кейін болған. Осы жылы Ташкент аймағы Мауреннахр құрамына кіреді де, Моғолстанның Жетісу өңірін Шайбани ханның жаулап алу қаупі туады. Қасым сұлтанның Бұрындық ханнан алыстау отыруы, оның дербестігін көрсетсе, екінші жағынан Жетісуды Шайбани ханның қолына бермеу үшін, соған жақындау отырудан туындайды.

1506-1509 жылдардағы Моғолстанның ішкі өміріндегі саяси жағдай біздің ойымызды дұрыстығын дәлелдей түседі. Сұлтан Ахмет ханның ұлдары мен Сұлтан Махмұт хан арасында билік үшін күрес өрши түседі де, жеңілген Сұлтан Махмұт хан Мауереннахрдан көмек іздеп, Мұхаммед Шайбани ханға келеді. Бірақ Шайбани хан оны ұлдарымен бірге өлтіруге бұйырады. Негізгі қарсылас жойылғаннан кейін, Сұлтан Ахмет хан ұлдары арасында күрес жалғасады. Осы кезде Қасым сұлтанның Жетісуға келуі және онда өз ықпалын таратуы өзінен-өзі түсінікті.

Дерек мәліметіндегі “Бұрындықтың Сарайшықта болуы” біздің ойымызша, шындыққа сай емес сияқты. Автор мұнда Бұрындықтың хандықтың батыс жағында, Сарайшық жағында болғандығын көрсетпек ойда болған.

Сонымен, Қазақ хандығында XYI ғасыр басында бір-біріне бағынбайтын екі билеуші қатар өмір сүреді. Бірақ бұлайша ұзақ болуы мүмкін емес еді. Екі билеушінің біреуінің саяси өмірден кетуі заңды құбылыс болатын. Шиеленіскен саяси жағдайдың шешілуіне Мауереннахрмен саяси қарым-қатынастың XYI ғасыр басындағы барысы, яғни Мұхаммед Шайбани ханның 1505/06-1510 жылдарындағы қатарынан Қазақ хандығына 4 рет жорық жасауы көп әсер етті. Біз басқа жұмыстарымызда бұл жөнінде қарастырғандықтан, бұл мәселеге тоқталмаймыз.

Шайбани ханның төртінші жорығы Қасым ханның толық жеңісімен аяқталады[7, 133-134 – бб.; 1, 217-218 – бб.].

Қасым ханның бұл жеңісінің маңызы өте зор болды. Халықаралық қатынастарда бұл жеңіс - Шайбани ханның «ең шырқау биікке көтерілген билігін құлдыратады»[7, 133-134 – б.]. Ал қазақ қоғамының ішкі саяси өмірінде Қасым ханның беделін Дешті Қыпшақтың көп бөлігіне жаяды. «Тарихи Рашиди» авторы: «Қасым ханның билігі Дешті Қыпшаққа таралды», - деп жазады[1, 195]. Қасым ханның бұл жеңісі, сонымен бірге Жәнібек хан ұлдарының қазақ қоғамындағы ішкі саяси бақталасы, қарсыласы Бұрындық ханды толық және түпкілікті талқандауымен бірдей болды. Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшаққа өз билігін орнатқаннан кейін, Бұрындық ханның Дешті Қыпшақта қалуы мүмкін болмады.

Осылайша, XV ғасырдың соңғы және XVI ғасырдың алғашқы жылдарындағы қазақ қоғамындағы билеуші әулет өкілдері арасындағы саяси қатынастардың дамуы Қасым хан бастаған Жәнібек хан ұлдары билігінің орнығуымен аяқталады. Олардың билігі бірнеше ғасырға созылып, XIX ғасырдың ортасына дейін жалғасады.

**Әдебиеттер**

1. Тарих-и Рашиди. // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.(Одан әрі МИКХ.)
2. Шайбани –наме.//МИКХ.
3. Таварих-и гузида-йи нусрат-наме.//МИКХ.
4. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар.// МИКХ.
5. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. Толықтырылып, екінші басылуы. Аударған Б.Қожабекұлы. Алматы, 1993.
6. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трехтысячилетий. – Алматы, 1992. – 384 с.
7. Зубдат ал-асар. //МИКХ.

References:

1. Tarih-i Rashidi. // Materialy po istorii Kazaxskih hanstv XV-XVIII vekov (Izvlecheniya iz persidskih i tyurkskih sochineniy) Sost.: S.K.Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A.Pischulina, V.P. Yudin. – Alma-Ata, 1969. – 652 s.(Odan äri MIKH.)
2. Şaybani –name //MIKH.
3. Tavarix-i guzida-yi nusrat-name //MIKH.
4. Baxr al-asrar fi manakib al-ahiyar // MIKH.
5. Zaxir ad-din Muhammed Babır. Babırnama. Tolyqtyrylyp, ekinşi basyluy. Audarğan B.Qozhabekuly. –Almaty, 1993.
6. Klyaştornyi S.G., Sultanov T.I. Kazahstan: Letopis trextısyaçiletiy. – Almaty, 1992. – 384 s.
7. Zubdat al-asar. //MIKH.

## МАЗМҰНЫ

**Абдимомынов Н.Т.**
АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (1242-1269 жж.)....................................................8
**Алдажұманов Қ.С.**
СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ КАРТОЧКА ЖҮЙЕСІ (1941-1945)…………………………………………………………………………………………...20
**Алмагамбетова А.М.**
1959-1970 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АНАЛИЗЫ.........28
**Алпысбес М.**
ЖАҺАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ХАЛЫҚТАР БІРЛІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТАРИХ МҰРАЛАРЫ...........................................................................................................37
**Асанова С.А.**
ТАРИХИ ӘҢГІМЕ-ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ.............................................48
**Әбділдабекова А.М.**
ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ОТАРЛЫҚ КЕЗЕҢДІ БАҒАЛАУ....53
**Әбжанов Х.**
АКАДЕМИКТІҢ АМАНАТЫ...........................................................................................................58
**Әбубәкірова Ә.П.**
ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРАЛЫҚ КЕЛІССӨЗДЕР МӘСЕЛЕСІ.........................................64
**Әділжанов Н.**
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: ФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТТІК ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ (ТАРИХИ-САЯСИ АСПЕКТІ)……………………………………………………………………………………………..72
**Баудиярова К.Б.**
ОТБАСЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУДАҒЫ ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР...................................................82
**Егізбаева М.Қ., Бейсегулова А.Қ.**
ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТІ........................................................89
**Жайлыбаев Д.Ж.**
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ЖАЗЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕР.................95
**Жакин М.С.**
БӨРІ БАТЫР: АҢЫЗ ЖӘНЕ ДЕРЕК (сыни талдау тәжірибесі)............................................................99
**Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д.**
ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР...........................................113
**Жетписбаев А.О.**
XIX-XX ҒҒ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ: ХАЛЫҚ САНАҒЫ: ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША..................................................122
**Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д.**
ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ МЕКЕН ЕТКЕН ТЕРРИТОРИЯНЫҢ ТАБИҒИ ЛАНДШАФТЫ (VI-X ҒҒ.)............................131
**Кабдушев Б.Ж., Кабдушева Л.Ж.**
ҚАЗАҚСТАНҒА АРНАЙЫ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ.........................................................................138
**Кариев Е.М.**
ЕУРАЗИЯ КӨНЕ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БАСТАУЛАРЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРАСЫ (ерте темір дәуірі және қазіргі заман)............................................................................................................144
**Каринбаев Ж.Ә.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЛОРУС ЭТНОСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ: ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН БҮГІНІ............152
**Картаева Т.Е., Оралбай Е.**
ҚҰДЫҚ ҚАЗУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚҰДЫҚ ТҮРЛЕРІ (АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША)...........................................................................163
**Кәрібаев Б.Б.**
XV Ғ. СОҢЫ МЕН XVI Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ................................180
**Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.**
XV Ғ. I ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНАН..............................................186
**Қозғамбаева Г.Б.**
ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ГЕОЛОГ – ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ..............................................................193

**Қозғамбаева Г.Б., Бейсегулова А.Қ.**
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ МУЗЕЙІ..........198
**Қозыбақова Ф.А.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ СОҢҒЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚАРСЫ СТАЛИНДІК ЭКСТРЕМИСТІК САЯСАТ..........206
**Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О.**
1921-1922 ЖЖ. ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖЕР-СУ РЕФОРМАСЫНА ЖАҢА КӨЗҚАРАС..........214
**Майданали З.**
ИМПЕРИЯЛЫҚ КОНФЕДЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ БІРЛЕСТІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР)..........222
**Махаева А.Ш., Чаргынова Г.О.**
ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ XIX ҒАСЫРДЫҢ 60-70 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚЫРҒЫЗДАРҒА ЫҚПАЛЫ..........227
**Мухамадеев Т.М., Мухадеева И.А., Капбасова Д.С.**
Н. НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДІГІ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВТІЛІГІНІҢ ФЛАГМАНЫ РЕТІНДЕ..........239
**Мұсағалиева А.С.**
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ "АЛЖИР" ӘЙЕЛДЕР ЛАГЕРІНІҢ ТАРИХЫ: ТАРИХНАМА ЖӘНЕ МҰРАҒАТТЫҚ ДЕРЕКТЕР..........245
**Нұртазина Н.Д.**
VIII-X ҒҒ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ТҮРКІ КӨШПЕЛІ ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАППАЙ ДАҒДАРЫСЫ ТУРАЛЫ..........255
**Нұртазина Н.Д.**
ҚАЗАҚСТАНДА ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ ФЕНОМЕНІНЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС..........260
**Нұртазина Н.Д.**
ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫ: ДІНДЕР, МӘДЕНИЕТТЕР, БАЙЛАНЫСТАР..........266
**Омарбеков Т.О.**
АЛТЫН ОРДА ХАНЫ ТОҚТАМЫСТЫҢ МӘСКЕУГЕ ЖОРЫҒЫ..........272
**Өтепова Г.Е.**
VIII Ғ. - XX Ғ. БАСЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЗАҢНАМАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН..........280
**Өтепова Г.Е.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ XIX ҒАСЫРДАҒЫ ПАТША ЗАҢНАМАСЫ..........288
**Өтепова Г.Е.**
СІБІР КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМЕТТЕРІ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ..........297
**Раздыков С.З.**
СУБЭТНОСТЫҚ МӘДЕНИЕТ – ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕСКІ ДӘСТҮРДІ ҰСТАНУШЫЛАРЫ..........303
**Садвокасова А.К., Кошман Т.В., Ракишева Б.И.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ, КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫ, АСА ҮЛКЕН ЭТНОСТАР ТАРИХЫН ҚОСА АЛҒАНДА: НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР..........316
**Сайлан Б., Раушанбек Б.**
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІНДЕГІ БАТЫРЛАР ОБРАЗЫ..........330
**Сайлан Б.**
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ УКРАИНАНЫ АЗАТ ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ МЕН ЕРЛІКТЕРІ..........335
**Сыздықов С.М.**
«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ: САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ..........340
**Тасилова Н.А., Козгамбаева Г.**
«ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ..........345
**Телеуова Э.Т.**
ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..........351
**Телеуова Э.Т.**
КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫНАН..........355
**Толенова З.М., Кубеев Р.Д.**
АКАДЕМИК М.К. ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ: ЖАҢА ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ..........360

**Удербаева С.К.**
ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТ КОМИССИЯСЫНЫҢ «ЕҢБЕКТЕР» ЖИНАҒЫНДЫҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ......365
**Удербаева С.К.**
ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ ҚАЗАҚ ШЕНЕУЛІГІНІҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ӨКІЛЕТТІЛІГІ......380
**Ускенбай К.**
АҚ ОРДА: ҰЛЫС БІРЛЕСТІГІНЕН ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТКЕ......392
**Ускенбай К.**
ДЕРЕККӨЗДЕРДЕГІ "ҚАЗАҚТАР" ЖӘНЕ "ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ" ТЕРМИНДЕРІ ТУРАЛЫ......396
**Хабижанова Г.Б.**
ҚЫПШАҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РОЛІ......402
**Хабижанова Г.Б., Сагинаева А.Н.**
XI-XIII ҒҒ. ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ОРЫС КНЯЗДІКТЕРІМЕН САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ......408
**Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А.**
ҒҰН-САРМАТ ДӘУІРІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ КӨШПЕНДІЛЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БИЛЕУШІЛЕРДІҢ ТАҢБАЛАРЫ......413
**Шайхыгалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Елюбаев Р.Б., Ержанов Р.Р.**
ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНЫНДАҒЫ ЖАҢА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДАҒЫ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ......422

## СОДЕРЖАНИЕ

**Абдимомынов Н.Т.**
А НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ (1242-1269 гг.)........................................8
**Алдажұманов Қ.С.**
С КАРТОЧНАЯ СИСТЕМА СНАБЖЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПРОДОВОЛЬСТВИЕМ В КАЗАХСТАНЕ В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941-1945) ……………………………………………………………………………………………...…...20
**Алмагамбетова А.М.**
ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ КАЗАХСТАНА ЗА 1959 – 1970 ГГ..........28
**Алпысбес М.**
ДУХОВНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ТЮРКСКОГО МИРА В УКРЕПЛЕНИИ ЕДИНСТВА НАРОДОВ В ПРОЦЕССЕ ГЛОБАЛИЗАЦИИ..........................................................................................................37
**Асанова С.А.**
ИСТОРИЧЕСКИЙ НАРРАТИВ - ИСТОЧНИК ИДЕНТИЧНОСТИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ....................48
**Әбділдабекова А.М.**
ОЦЕНКА КОЛОНИАЛЬНОГО ПЕРИОДА В ТРУДАХ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....53
**Әбжанов Х.**
АМАНАТ АКАДЕМИКА.........................................................................................................................58
**Әбубәкірова Ә.П.**
ПРОБЛЕМЫ И ИТОГИ ПЕРЕГОВОРОВ ПО ФОРМИРОВАНИЮ КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКОЙ ГРАНИЦЫ...64
**Әділжанов Н.**
ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ: КАК ФОРМАЦИОННОЕ И ЦИВИЛИЗАЦИОННОЕ ЯВЛЕНИЕ (ИСТОРИКО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)………………………………………. ………………………………..72
**Баудиярова К.Б.**
МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ СТАБИЛЬНОСТИ СЕМЬИ……………….......................................................82
**Егізбаева М.Қ., Бейсегулова А.Қ.**
ЭТНОКУЛЬТУРА УЗБЕКСКИХ И КАРАКАЛПАКСКИХ НАРОДОВ…..................................................89
**Жайлыбаев Д.Ж.**
ДОРЕВОЛЮЦИОННЫЕ ТРУДЫ ОБ ОБЫЧНОМ ПРАВЕ КАЗАХОВ…………………………………...............95
**Жакин М.С.**
БОРИ БАТЫР: МИФ И ФАКТ (опыт критического анализа)…...................................................99
**Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д.**
ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.......................................113
**Жетписбаев А.О.**
ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ИЗМЕНЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ В XIX-XX ВВ.: ПО МАТЕРИАЛАМ ПЕРЕПИСЕЙ НАСЕЛЕНИЯ......................................................................................122
**Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д.**
ПРИРОДНЫЙ ЛАНДШАФТ ТЕРРИТОРИИ НАСЕЛЕННЫЙ ТЮРКСКИМИ ПЛЕМЕНАМИ (VI-X ВВ.)...............131
**Кабдушев Б.Ж., Кабдушева Л.Ж.**
НАСИЛЬСТВЕННАЯ ДЕПОРТАЦИЯ В КАЗАХСТАН……...........................................................138
**Кариев Е.М.**
ИСТОКИ И КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ ЕВРАЗИИ
(ранний железный век и современность)..........................................................................144
**Каринбаев Ж.Ә.**
ПРЕДСТАВИТЕЛИ БЕЛОРУССКОГО ЭТНОСА В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИЯ
ФОРМИРОВАНИЯ И НАСТОЯЩЕЕ…………………………………………………………………….152
**Картаева Т.Е., Оралбай Е.**
РАЗВИТИЕ КОЛОДЕЗНОГО ДЕЛА И ЕГО РАЗНОВИДНОСТИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОГРАФИИ)..........................................................163
**Кәрібаев Б.Б.**
ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВО В КОНЦЕ XV- НАЧАЛЕ XVI ВВ………..................................180
**Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.**
ИЗ ИСТОРИИ ХАНСТВА АБУЛХАЙЫРА В I-ПОЛОВИНЫ XV ВЕКА…..................................186
**Қозғамбаева Г.Б.**
ВЫДАЮЩИЙСЯ ГЕОЛОГ И УЧЕНЫЙ КАНЫШ ИМАНТАЙУЛЫ САТБАЕВ........................................................193

**Қозғамбаева Г.Б., Бейсегулова А.Қ.**
МУЗЕЙ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ Г. ШЫМКЕНТ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ...........198
**Қозыбақова Ф.А.**
ЭКСТРЕМИСТСКАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА ПО ЛИКВИДАЦИИ ПОСЛЕДНИХ ЭЛЕМЕНТОВ МЕХАНИЗМА РЫНКА В КАЗАХСТАНЕ..........206
**Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О.**
1921-1922 гг. НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ПРОВОДИМУЮ ЗЕМЕЛЬНО-ВОДНУЮ РЕФОРМУ……….........214
**Майданали З.**
ИМПЕРСКИЕ КОНФЕДЕРАЦИИ И КОЧЕВЫЕ ОБЪЕДИНЕНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ)..........222
**Махаева А.Ш., Чаргынова Г.О.**
ВЛИЯНИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ВОСТОЧНОМ ТУРКЕСТАНЕ В 60-70 ГГ. XIX ВЕКА НА КАЗАХОВ И КЫРГЫЗОВ……….........227
**Мухамадеев Т.М., Мухадеева И.А., Капбасова Д.С.**
ТРУДЫ Н. НАЗАРБАЕВА КАК ФЛАГМАНА ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ, СОТРУДНИЧЕСТВА И ПЕРСПЕКТИВНОСТИ КАЗАХСТАНА……….........239
**Мұсағалиева А.С.**
ИСТОРИЯ ЖЕНСКОГО ЛАГЕРЯ "АЛЖИР" В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЯ И АРХИВНЫЕ ДАННЫЕ…………..245
**Нұртазина Н.Д.**
О СИСТЕМНОМ КРИЗИСЕ ТЮРКСКОГО КОЧЕВОГО ОБЩЕСТВА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В КОНЦЕ VIII-X ВВ.…………255
**Нұртазина Н.Д.**
НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ФЕНОМЕН ИСЛАМИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА……………..........260
**Нұртазина Н.Д.**
ДРЕВНЯЯ ИСТОРИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: РЕЛИГИИ, КУЛЬТУРЫ, КОНТАКТЫ…………......266
**Омарбеков Т.О.**
ПОХОД ХАНА ЗОЛОТОЙ ОРДЫ ТОХТАМЫША НА МОСКВУ..........272
**Өтепова Г.Е.**
ИЗ ОПЫТА ИЗУЧЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ИСТОЧНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА VIII-НАЧАЛА XX ВЕКА…………....280
**Өтепова Г.Е.**
ЦАРСКОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО XIX ВЕКА О ЗЕМЕЛЬНОМ ВОПРОСЕ В КАЗАХСТАНЕ..........288
**Өтепова Г.Е.**
МАТЕРИАЛЫ СИБИРСКОГО КОМИТЕТ КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В СОСТАВЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ……….........297
**Раздыков С.З.**
СУБЭТНИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА - СТАРОВЕРЫ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА…………….........303
**Садвокасова А.К., Кошман Т.В., Ракишева Б.И.**
ИСТОРИЯ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ, МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН, ВКЛЮЧАЯ ИСТОРИЮ НАИБОЛЕЕ КРУПНЫХ ЭТНОСОВ: ОСНОВНЫЕ ИТОГИ…..........316
**Сайлан Б., Раушанбек Б.**
ОБРАЗ ГЕРОЕВ В ВОЕННОМ ИСКУССТВЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА..........330
**Сайлан Б.**
ПОДВИГИ ГЕРОИЗМ КАЗАХСТАНЦЕВ В БОРЬБЕ ЗА ОСВОБОЖДЕНИЕ УКРАИНЫ……….........335
**Сыздықов С.М.**
ИДЕЯ "МӘҢГІЛІК ЕЛ": ПОЛИТИКО-ФИЛОСОФСКИЕ ОСНОВЫ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ.340
**Тасилова Н.А., Козгамбаева Г.**
«МАТЕРИАЛЫ ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ...» КАК ИСТОЧНИК ПО ХОЗЯЙСТВЕННО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСКИХ ХОЗЯЙСТВ..........345
**Телеуова Э.Т.**
СОЦИАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ В ТРАДИЦИОННОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ..........351
**Телеуова Э.Т.**
ИЗ ИСТОРИИ ОБЫЧНОГО ПРАВО КОЧЕВНИКОВ..........355
**Толенова З.М., Кубеев Р.Д.**
ВКЛАД АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА В ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ: НОВОЕ И ТРАДИЦИОННОЕ..........360

**Удербаева С.К.**
ОТРАЖЕНИЕ ИСТОРИИ КОЧЕВЫХ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В «ТРУДАХ» ОРЕНБУРГСКОЙ УЧЕНОЙ АРХИВНОЙ КОМИССИИ……...........................................................................................................................365
**Удербаева С.К.**
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОЛНОМОЧИЯ КАЗАХСКОГО ЧИНОВНИЧЕСТВА ТУРКЕСТАНСКОГО ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРСТВА……………………………………………………………………………..…380
**Ускенбай К.**
АК-ОРДА: ОТ УЛУСНОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ К НЕЗАВИСИМОМУ ГОСУДАРСТВУ..............................................392
**Ускенбай К.**
О ТЕРМИНАХ «КАЗАХИ» И «КАЗАХСКОЕ ГОСУДАРСТВО» В ИСТОЧНИКАХ………….....................................396
**Хабижанова Г.Б.**
КИПЧАКИ И ИХ РОЛЬ В ФОРМИРОВАНИИ КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕН………………….........................................402
**Хабижанова Г.Б., Сагинаева А.Н.**
ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРНЫЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ КЫПЧАКОВ С РУССКИМИ КНЯЖЕСТВАМИ В XI-XIII ВВ...........................................................................................................................408
**Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А.**
СИМВОЛЫ ВЛАСТИ В КУЛЬТУРЕ КОЧЕВНИКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ГУННО-САРМАТСКОГО ВРЕМЕНИ…...........................................................................................................................................413
**Шайхыгалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Елюбаев Р.Б., Ержанов Р.Р.**
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАЗВЕДОЧНЫЕ РАБОТЫ ПО ВЫЯВЛЕНИЮ НОВЫХ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ОБЪЕКТОВ ЕРЕЙМЕНТАУСКОГО РАЙОНА........................................................................................................................422

**CONTENTS**

**Abdimomynov N.T.**
SOME PROBLEMS OF THE POLITICAL HISTORY OF THE GOLDEN HORDE (1240-1269)…......................................8
**Aldazhumanov K.S.**
CARD SYSTEM IN PROVIDING FOOD TO THE POPULATION
OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945)……………………………………………………….……….20
**Almagambetova A.M.**
ИHISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ANALYSIS OF TURKIC PEOPLES OF KAZAKHSTAN FOR 1959 - 1970.......28
**Alpısbes M.**
HERITAGE OF SPIRITUAL AND CULTURAL HISTORY OF THE TURKIC WORLD IN STRENGTHENING THE UNITY OF PEOPLES IN THE PROCESS OF GLOBALIZATION...........................................................................................37
**Asanova S.A.**
HISTORICAL NARRATIVE - THE SOURCE OF IDENTITY IN MODERN KAZAKHSTAN……………….....................48
**Abdildabekova A.M.**
EVALUATION OF THE COLONIAL PERIOD IN THE WORKS
OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA OF EARLY XX CENTURY.................................................................................53
**Abzhanov Kh.**
ACADEMICIANS TRUST.........................................................................................................................................58
**Abubakirova A.P.**
PROBLEMS AND RESULTS OF NEGOTIATIONS ON FORMATION
OF THE KAZAKHSTAN-CHINESE BORDER………………………………………………………………………..64
**Adilzhanov N.**
DEMOCRATIC TRENDS: AS A FORMATIVE AND CIVILIZATIONAL PHENOMENON (HISTORICAL AND POLITICAL ASPECT)……………………..……………………………………….…………………………………..72
**Baudiyarova K.B.**
RESEARCH METHODSOF STABILITY OF THE FAMILY………………….......................................................82
**Yegizbaeva M.K.,Beisegulova A.K.**
ETHNO-CULTURE OF THE UZBEK AND KARAKALPAK PEOPLES..….....................................................................89
**Zhailybayev D.Zh.**
PREREVOLUTIONARY PROCEEDINGS OF CUSTOMARY LAW KAZAKHS………………...……………................95
**Zhakin M.S.**
BORI BATYR: MYTH AND FACT (critical analysis experience)…...........................................................................99
**Zhappasov Zh.E., Tasilova N.A., Baydavletova M.D.**
SOURCES ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AND CENTRAL ASIA…………………........................................113
**Zhetpisbayev A.O.**
THE MAIN STAGES OF ETHNODEMOGRAPHIC CHANGES IN KAZAKHSTAN IN 19th - 20th CENTURIES: BASED ON THE POPULATION CENSUS MATERIALS..........................................................................................................122
**Iskakova G.Z., Baydavletova M.D.**
THE NATURAL LANDSCAPE OF THE TERRITORY INHABITED BY TURKIC TRIBES (VI-X CENTURIES.).........131
**Kabdushev B.Zh., Kabdusheva L.Zh.**
THE FORCED DEPORTATION IN KAZAKHSTAN……….......................................................................................138
**Kariyev Y.M.**
THE ORIGINS AND CULTURAL HERITAGE OF THE ANCIENT TURKIC CIVILIZATION OF EURASIA
(early iron age and the present)...............................................................................................................................144
**Karinbayev Zh.A.**
REPRESENTATIVES OF THE BELORUSSIAN ETHNOS IN KAZAKHSTAN: HISTORY OF FORMATION
AND CURRENT STATUS……………………………………………………………………………………….…152
**Kartaeva T.E., Oralbai Y.**
THE DEVELOPMENT OF BUSINESS IN THE WELL AND ITS VARIANTS
(MATERIALS OF ARCHEOLOGY AND ETHNOGRAPHY)..........................................................................................163
**Karibaev B.B.**
THE PROBLEMS OF THE HISTORY OF KAZAKH KHANATE AT THE END OF
XV- IN THE BEGINNING OF XVI CENTURIES…………………………………………………………………180
**Karybaev B.B., Nogaibayeva M.**
FROM THE HISTORY OF THE KHANATE ABULKAYYR IN THE I-HALF OF THE XV CENTURY……..................186

**Kozgambaeva G.B.**
OUSTANDING GEOLOG VERSUS SCIENTIST KANYSH IMANTAEVICH SATBAYEV..........................................193
**Kozgambayeva G.B., Beisegulova A.K.**
MUSEUM OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN SHYMKENT, SOUTH KAZAKHSTAN REGION............198
**Kozybakova F.A.**
EXTREMIST POLITICS OF STALIN AGAINST LAST ELEMENTS
OF MARKET MECHANISM IN KAZAKHSTAN.........................................................................................................206
**Kozybakova F.A., Rvaydarova G.O.**
1921-1922 A NEW APPROACH TO THE LAND AND WATER REFORM CARRIED OUT…………...........................214
**Maydanali Z.**
IMPERIAL CONFEDERATIONS AND NOMADIC ASSOCIATIONS OF CENTRAL ASIA
(HISTORIOGRAPHY OF PROBLEM)...............................................................................................................222
**Mahaeva A.Sh., Chargynova G.O.**
EFFECT OF POLITICAL PROCESSES IN EAST TURKESTAN IN 60-70 YEARS.
XIX CENTURY IN THE KAZAKHS AND KYRGYZ………...............................................................................227
**Mukhamadeev T.M., Mukhadeeva I.A., Kapbasova D.S.**
WORKS OF N. NAZARBAYEV AS A FLAGSHIP OF STATE SECURITY,
COOPERATION AND PROSPECTS OF KAZAKHSTAN……….........................................................................239
**Musagalieva A.S.**
HISTORY OF THE WOMEN'S CAMP "ALGERIA" IN NORTHERN KAZAKHSTAN: HISTORIOGRAPHY AND ARCHIVAL DATA……………………………………………………………………………………………….245
**Nurtazina N.D.**
ON THE SYSTEMATIC CRISIS OF THE TURKIC NOMADIC SOCIETY
OF CENTRAL ASIA AT THE END OF VIII-X CENTURIES……………………………………………...………255
**Nurtazina N.D.**
A NEW APPROACH TO THE PHENOMENON OF ISLAMIZATION OF KAZAKHSTAN……………….....................260
**Nurtazina N.D.**
HISTORY OF ANCIENT CENTRAL ASIA: RELIGIONS, CULTURES, CONTACTS………………………………......266
**Omarbekov T.O.**
CAMPAIGN OF GOLDEN HORDE KHAN TOKHTAMYSH TO MOSCOW..................................................................272
**Otepova G.E.**
FROM THE EXPERIENCE OF STUDYING LEGISLATIVE SOURCES ON THE HISTORY
OF KAZAKHSTAN VIII-EARLY XX CENTURY……………………………………………………...………....280
**Otepova G.E.**
TSARIST LEGISLATION OF THE XIX CENTURY ON THE LAND ISSUE IN KAZAKHSTAN.................................288
**Otepova G.E.**
PROCEEDINGS OF THE SIBERIAN COMMITTEE, AS A SOURCE FOR STUDYING THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN THE RUSSIAN EMPIRE……….........................................................................................................297
**Razdykov S.**
SUBETHNIC CULTURE - OLD BELIEVERS OF THE EASTERN KAZAKHSTAN...……………………......................303
**Sadvokassova A., Koshman T., Rakisheva B.**
HISTORY OF INTER-ETHNIC, INTER-RELIGIOUS RELATIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, INCLUDING THE HISTORY OF THE LARGEST ETHNIC GROUPS: THE MAIN OUTCOMES…...............................316
**Sailan B., Raushanbek B.**
THE HEROES CHARACTER IN MILITARY ART OF THE KAZAKH NATION............................................................330
**Sailan B.**
HEROISM OF KAZAKHSTAN CITIZENS IN FIGHT FOR INDEPENDENCE OF UKRAINE……………………….335
**Syzdykov S.M.**
THE IDEA OF" MANGILIK EL": POLITICAL AND PHILOSOPHICAL
FOUNDATIONS AND HISTORICAL CONTINUITY…………………………………………………………….340
**Tasilova N.A., Kozgambaeva G.**
"MATERIALS ABOUT KYRGYZ LAND USE ..." AS THE SOURCE ON HOUSEHOLD-ECONOMICAL
HISTORY OF KAZAKH ECONOMY........................................................................................................................345
**Teleuova E.**
SOCIAL FEATURES ARE IN TRADITIONAL CIVILIZATION…………...................................................................351
**Teleuova E.**
FROM HISTORY OF NOMADIC CUSTOMARY LAW..............................................................................................355

**Tolenova Z.M., Kubeyev R.D.**
THE CONTRIBUTION OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV IN HISTORICAL FIGURES STUDIES: THE NEW AND THE TRADITIONAL..........360
**Uderbaeva S.K.**
REFLECTION OF THE HISTORY OF THE NOMADIC PEOPLES OF CENTRAL ASIA IN THE "PROCEEDINGS" OF THE ORENBURG SCIENTIFIC ARCHIVAL COMMISSION……..........365
**Uderbaeva S.K.**
ACTIVITIES AND POWERS OF KAZAKH OFFICIALS TURKESTAN GOVERNOR-GENERAL……………………380
**Uskenbai K.**
AK-ORDA: FROM A ULUS ASSOCIATION TO AN INDEPENDENT STATE…………..........392
**Uskenbai K.**
ABOUT THE TERMS "KAZAKHS" AND "KAZAKH STATE" IN THE SOURCES…..…………..........396
**Habizhanova G.B.**
KIPCHAKS ROLE IN KAZAKH TRIBES FORMATION…………………..………………….........402
**Khabizhanova G.B., Saginayeva A.N.**
TRADE-ECONOMIC AND CULTURAL RELATIONS OF KIPCHAKS WITH THE RUSSIAN PRINCIPALITIES IN THE XI-XIII CENTURIES..........408
**Shaymerdenova N.G., Yaryghin S.A.**
SYMBOLS OF POWER IN THE CULTURE OF CENTRAL ASIAN NOMADS (HUN-SARMATIAN PERIOD)………413
**Shaikhygaliev E.A., Izteleuova L.I., Elyubaev R.B., Yerzhanov R.R.**
ARCHAEOLOGICAL PROSPECTING WORKS ON IDENTIFICATION OF NEW ARCHAEOLOGICAL OBJECTS OF EREYMENTAU DISTRICT………..........422

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2016. 4(8)

*Бас редактор:*
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2016.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй